



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖАСТАР
САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ**

БЕКІТЕМІН

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
Басқарма төрағасы – ректор
_____ Ж. Шаймарданов
«1» февраль 2022 г.**

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
СТУДЕНТТІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

П КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 2-ші бет

Студенттік Кеңес туралы ереже студенттік қызметтің маңызды мәселелерін шешу, әлеуметтік белсенділікті, еріктілер қызметін дамыту, әлеуметтік бастамалар мен жобаларды қолдау, белсенді азаматтық ұстанымды және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында ҚР Конституциясына, ҚР «Білім туралы» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарына, ШҚТУ Жарғысына, «ШҚТУ» КеАҚ жемқорлыққа қарсы стандартына, «ШҚТУ» КеАҚ білім алушыларының академиялық адалдық Кодексіне сәйкес жастар ісі жөніндегі Комитеттің ережелері негізінде әзірленді.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 3-ші бет

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	4
2. Нормативтік құжаттар	4
3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	4
4. Жалпы ережелер	5
5. Студенттік кеңестің мақсаттары мен міндеттері	6
6. Кеңестің құрылымы және қалыптастыру тәртібі	7
7. Мектеп (факультет) кеңестері	7
8. Студенттік бірлестіктер	7
9. Кеңес Төрағасы	8
10. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және қызметінің негізгі бағыттары	10
11. Студенттік Кеңестің құқықтары мен міндеттері	11
12. Бақылау, қайта ұйымдастыру және тарату	12
1-ші қосымша – Жалпы жиналыс хаттамасының нысаны	13
2-ші қосымша - Өзгерістерді тіркеу парағы	16

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 4-ші бет

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы ереже ҚР Білім беру, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасына, «ШҚТУ» КеАҚ ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес әзірленіп, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін Студенттік кеңестің негізгі қызметтерін, құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Ереженің талаптары «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ (бұдан әрі «ШҚТУ» КеАҚ) барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті.

2. Ол «ШҚТУ» КеАҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесін тексеру кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа өзге Тараптарға көрсетілмейді, ал, тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – ректорының рұқсатымен ғана көрсетіледі.

2. Нормативтік құжаттар

3. Ережені әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-У Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы (07.07.2020 ж. енгізілген өзгерістермен);
- 3) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (29.12.2021 ж. енгізілген өзгерістермен);
- 4) «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
- 5) Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар;
- 6) «ШҚТУ» КеАҚ Жарғысы;
- 7) «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- 8) «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ студенттерінің Академиялық адалдық кодексі;
- 9) «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Жастар ісі жөніндегі Комитеті туралы ереже;
- 10) «ШҚТУ» КеАҚ-ның өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар

4. Білім алушылар – білім беру бағдарламаларын меңгеретін тұлғалар (студенттер, магистранттар, докторанттар)

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 5-ші бет

Студенттік өзін – өзі басқару – университеттің басқару функцияларын жүзеге асыру бойынша студенттердің дербес қоғамдық қызметін ұйымдастыру нысаны, студенттік ұжымдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес анықталады және жүзеге асырылады.

Жастар ісі жөніндегі Комитет – студент жастардың құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау, олардың іске асырылуына жәрдемдесу, студенттердің құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық проблемаларын шешу мақсатында құрылған Әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты Басқармасының құрылымдық бөлімшесі.

Қоғамдық студенттік бірлестік (бұдан әрі – студенттік бірлестік) – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ШҚТУ» КеАҚ Жарғысына қайшы келмейтін бастамашыл және дербес қоғамдық қызметті бірлесіп жүзеге асыру үшін құрылатын білім алушылардың ерікті бірлестігі.

Жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше – өз жұмысының бағыты шеңберінде студенттік бірлестіктің қызметіне жәрдем көрсететін және бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше (басқарма/орталық және т.б.).

4. Жалпы ережелер

5. Осы «ШҚТУ» КеАҚ студенттік кеңесі туралы Ереже (бұдан әрі – Кеңес) Кеңестің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, қалыптастыру тәртібін, өкілеттік мерзімі мен құзыретін, сондай-ақ Кеңестің шешімдер қабылдау және университет атынан сөз сөйлеу тәртібін белгілейтін «ШҚТУ» КеАҚ жергілікті нормативтік актісі болып табылады.

6. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, «ШҚТУ» КеАҚ Жарғысын, осы Ережені, «ШҚТУ» КеАҚ өзге де жергілікті нормативтік актілерін басшылыққа алады.

7. Осы Ереже ШҚТУ білім алушыларының жалпы дауыс беруімен қабылданады, «ШҚТУ» КеАҚ жарғысына сәйкес университет ректорымен бекітіледі.

8. Кеңес қызметі «ШҚТУ» КеАҚ барлық білім алушыларына бағытталған.

9. Кеңес жұмысына қатысу ерікті болып табылады және белгіленген тәртіппен қаржылық сыйақыны көздейді.

10. Университеттің Кеңестің қызметіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі «ШҚТУ» КеАҚ Әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты Басқармасының (ӘМҚжәнеЖСБ) болып табылады.

11. Университетте 2 (екі) және одан да көп Кеңестердің болуына жол берілмейді.

12. Университеттің әрбір студенті студенттік өзін – өзі басқару органына-ЖОО-ның студенттік Кеңесіне, мектептің (факультеттің) студенттік Кеңесіне, студенттік бірлестікке сайлауға және сайлануға құқылы.

13. Студенттік Кеңес «ШҚТУ» КеАҚ студенттік өзін-өзі басқарудың жоғарғы

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 6-ші бет

органы болып табылады.

5. Студенттік Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

14. Кеңес қызметінің мақсаттары:

1) студенттердің білім беру процесін басқаруға қатысу құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету, студент жастардың тыныс-тіршілігінің маңызды мәселелерін шешу, оның әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру стратегиялық мақсат болып табылады;

2) білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді қабылдау кезінде, Университетті басқару мәселелері бойынша білім алушылардың пікірін білдіру;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік жағынан дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау;

4) Университеттің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда Университет басшылығы мен білім алушылары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

5) жастардың алатын білім сапасы үшін жауапкершілік деңгейін арттыру және Университеттің әлеуметтік кеңістігінде органикалық ынтымақтастықтың өсуіне жәрдемдесу.

15. Кеңестің Міндеттері:

1) түрлі бағыттар бойынша қызметті ұйымдастыру мәселелерінде Университеттің басқару органдарына жәрдемдесу, оның ішінде: білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі (білім беру процесінің сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу қызметін, білім алушылардың кәсіби навигация жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу); әлеуметтік-тұрмыстық салада (білім алушылардың Университет жатақханаларында тұруды ұйымдастыру, білім алушылардың мүддесінде университет инфрақұрылымын пайдалану мәселелері бойынша пікірін білдіру); оқудан тыс қызмет.

2) осы органдардың қызметін реттемелейтін жергілікті нормативтік актілерге сәйкес үйлестіру және кеңесші органдар мен комиссиялардың жұмысына қатысу;

3) Жастар және студенттік ұйымдардың жұмысына, жоғары оқу орындары аралық, қалалық және республикалық деңгейдегі жобаларды, оның ішінде гранттық конкурстар шеңберінде іске асыруға қатысу;

4) заманауи маман тұлғасын қалыптастыруда әлеуметтік-сау кеңістікті қамтамасыз ететін студенттік бақылаудың тұрақты жұмыс істейтін жүйесін құру;

5) барлық деңгейдегі студенттік өзін-өзі басқару өкілдерінің нақты қызмет саласы мен құзыретін (құқықтары мен міндеттерін) қалыптастыру.

6. Кеңестің құрылымы мен қалыптастыру тәртібі

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 7-ші бет

16. Кеңес мүшелері азаматтығына, оқу нысаны мен қаржыландыру көзіне қарамастан «ШҚТУ» КеАҚ білім алушылары бола алады.

17. Кеңес құрамына мыналар кіреді:

1) Кеңес төрағасы;

2) Кеңес төрағасының орынбасары;

3) ШҚТУ мектептер (факультеттер) Кеңестері мүшелерінің қатарынан білім алушылардың өкілдері;

4) «ШҚТУ» КеАҚ мектептер (факультеттер) Кеңестерінің төрағалары (басшылары);

5) Осы Ереженің 8-бөлімінде белгіленген тәртіппен Кеңестің құрамына енгізілген студенттік бірлестіктердің басшылары.

18. Мектептің (факультеттің) әр Кеңесінен университет Кеңесіне 2 адам (төраға және оның орынбасары) ұсынылады.

7. Мектеп (факультет) Кеңестері

19. «ШҚТУ» КеАҚ әрбір мектебінде (факультетінде) мектеп (факультет) білім алушыларына олардың құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу үшін барлық нысандар мен түрдегі білім алушылар қатарынан мектеп (факультет) Кеңесі құрылады.

20. Мектептер (факультеттер) Кеңестері мүшелерінің саны мектептер (факультеттер) Кеңестерін қалыптастыру регламентіне сәйкес әрбір мектепте (факультетте) білім алушылар санымен айқындалады.

21. 1 (бірден) артық емес академиялық қарызы бар және тәртіптік жазасы жоқ білім алушы (азаматтығына, оқытуды қаржыландыру нысаны мен көзіне қарамастан) мектеп (факультет) Кеңесінің мүшесі бола алады.

22. Мектеп (факультет) Кеңесінің мүшелерін мектептің (факультеттің) білім алушылары сайлайды. Мектеп (факультет) Кеңесі мүшелерінің сайлауын немесе қосымша сайлауын өткізу тәртібі «ШҚТУ» КеАҚ білім алушыларының жалпы дауыс беруінде қабылданатын және Университет ректоры бекітетін мектеп (факультет) Кеңесін қалыптастыру регламентімен айқындалады.

23. Осы Ереженің 3.3-тармағына сәйкес, сайлаудан кейінгі бірінші жиналыста мектеп (факультет) Кеңесінің мүшелері өз арасынан мектеп (факультет) Кеңесінің төрағасын және төрағаның орынбасарын, сондай-ақ қосымша өкілдерді сайлайды.

8. Студенттік бірлестіктер

24. Студенттік бірлестіктерді қалыптастыру тәртібі, олардың жұмыс істеуінің жалпы шарттары «ШҚТУ» КеАҚ білім алушыларының жалпы дауыс беруімен қабылданатын және Университет ректоры бекітетін «ШҚТУ» КеАҚ-да студенттік бірлестіктердің қызметін құру, тіркеу және ұйымдастыру Регламентіне сәйкес айқындалады.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 8-ші бет

25. Университет Кеңесінің құрамына белгіленген тәртіппен тіркелген студенттік бірлестіктердің басшылары кіреді.

26. Студенттік бірлестіктің басшысы кеңеске "ШҚТУ"КЕАҚ студенттік бірлестіктерді құру, тіркеу және қызметін ұйымдастыру регламентіне сәйкес Кеңестің құрамына енгізу туралы белгіленген нысандағы өтінішті ұсынады.

27. 4 (төрт) және одан да көп ай бойы студенттік бірлестік қызметінің белгілері болмаған кезде (студенттік бірлестік басшысының Кеңес жиналыстарына келмеуі, Кеңес пен Университеттің іс-шараларына қатыспауы, жұмыс жоспарларын, жоспарлардың орындалуы туралы есептерді ұсынбауы) оның Кеңеске мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдануы мүмкін.

28. Кеңеске мүшелікті тоқтату туралы шешім оның мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы Кеңес жиналысында көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

9. Кеңес Төрағасы

29. Кеңес төрағасы мен Кеңес төрағасының орынбасары Кеңес мүшелерінің арасынан Кеңестің жалпы жиналысында 1 (бір) жыл мерзімге сайланады.

30. Кеңес төрағасының өкілеттігі аяқталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей, ал төрағаның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда – өкілеттігі тоқтатылған кезден бастап 1 (бір) ай ішінде Кеңес сайлау өткізілетін жалпы жиналыстың өткізілетін күнін белгілейді.

31. Кандидаттарды ұсыну Кеңестің жалпы жиналысында сайлау өткізілетін күн жарияланғаннан кейін 2 (екі) аптадан кешіктірілмей жүргізіледі.

32. Төрағаға кандидатын ұсыну мынадай критерийлерге сәйкес келетін Кеңес мүшесі бола алады:

- 1) академиялық қарыздардың болмауы;
- 2) университетте оқудың барлық кезеңінде тәртіптік жазалардың болмауы.

33. Сайлау күні Кеңестің жалпы жиналысында Кеңес мүшелері қарапайым көпшілік дауыспен Кеңес төрағасын, оның орынбасарын сайлайды.

34. Кеңес төрағасы немесе төраға орынбасары лауазымына тек 1 (бір) кандидат болған жағдайда, егер оған Кеңес мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.

35. Сайлау нәтижелері туралы ақпаратты университеттің ресми ақпараттық арналарында «Ғаламтор» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде сайлау өткізілген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ӘКҚжәнеЖСБ басшысы орналастырады.

36. Сайланған Төраға мен оның орынбасары тиісті студенттік бірлестіктер басшыларының немесе мектептер (факультеттер) Кеңестері төрағаларының (өкілдерінің) өкілеттіктерінен өздерін босатады. Төраға мен оның орынбасары өз міндеттерін атқаруға қазіргі төрағаның өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін, ертеңгі күні кіріседі.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 9-ші бет

37. Төраға Кеңестің қызметіне басшылық жасайды, оның жұмысын ұйымдастырады, Кеңестің алдына қойылған міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуына және ұсынылатын бастамалардың іске асырылуына жауапты болады.

38. Кеңес төрағасы болмаған кезеңде оның міндеттерін төрағаның орынбасары немесе жиналыста жай көпшілік дауыспен сайланған Кеңестің өзге мүшесі орындайды.

39. Кеңес төрағасының құқықтары:

1) білім алушылардың құқықтарын қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді қарауға қатысу;

2) «ШҚТУ» КеАҚ жарғысына және осы Ережеге сәйкес Кеңес қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды үйлестіру;

3) қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі қоғамдық Кеңестерде, билік органдарында Кеңестің мүдделерін білдіру;

4) университет басшылығының келісімі бойынша аймақтық, республикалық және халықаралық форумдарда, конкурстар мен жобаларда «ШҚТУ» КеАҚ атынан өкілдік етуге.

40. Кеңес төрағасының міндеттері:

1) Кеңес қызметіне басшылық ету;

2) Кеңестің бекітілген жұмыс жоспарларын іске асыруын қамтамасыз етуге және олардың іске асырылу сапасына жауап беру;

3) Кеңес мүшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға, олардың жұмысы үшін жағдайлар жасау;

4) берілген өкілеттіктер шегінде университеттің құрылымдық бөлімшелерімен және мүдделі ұйымдармен Кеңестің жұмысын және өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

5) Кеңестің Университет басшылығымен кездесулерін ұйымдастыру;

6) Университет білім алушыларының өтініштерін өз құзыреті шеңберінде қарау;

7) Кеңес мүшелеріне Кеңестің және білім алушылардың қызметіне қатысты Университеттің жергілікті нормативтік актілері туралы хабарлау;

8) жыл сайын атқарылған жұмыс туралы, оның ішінде Университет ректораты мен ғылыми Кеңесінің отырыстарында есеп беру.

41. Кеңес төрағасының өкілеттігі мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

1) өкілеттіктерін ерікті түрде тоқтатқан жағдайларда;

2) Кеңес жиналысында ашық дауыс беру арқылы қабылданған өкілеттіктерді тоқтату туралы шешім негізінде – кемінде 3/4 (төрттен үш) дауыс; шешім хаттамамен рәсімделеді;

3) Университеттің білім алушы мәртебесін жоғалту, оның ішінде сол күнтізбелік жылда Университеттің магистратура немесе аспирантура бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру үшін түсу жағдайларынан басқа, оқуды аяқтауына байланысты шығу;

4) 1 (бір) оқу семестрі ішінде 2 (екі) және одан да көп сәгіс болған жағдайда.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 10-ші бет

10. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және қызметінің негізгі бағыттары

42. Кеңес қызметіне байланысты мәселелерді талқылау және шешу үшін ай сайын Кеңестің жалпы жиналыстары өткізіледі.

43. Кеңестің кезектен тыс жалпы жиналысы Кеңес төрағасының шешімімен немесе Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-нің (үштен екі) жазбаша талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

44. Кеңестің жалпы жиналысының күні, орны, өткізу тәсілі және күн тәртібі туралы ақпарат іс-шара өткізілетін күнге дейін 1 (бір) аптадан кешіктірілмей университеттің ресми сайтында жарияланады.

Университеттің қызметкерлері мен білім алушылары Кеңестің Жалпы жиналыстарына қатысуға құқылы.

Талқылауға және күн тәртібіне енгізуге ұсыныстар Кеңестің жалпы жиналысына дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірілмей Кеңес төрағасына жіберілуі тиіс.

45. Кеңестің жалпы жиналысы, егер оған Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде Кеңес төрағасы немесе оның орнындағы адам қатысса, заңды болып табылады.

46. Дауыс беру кезінде Кеңестің әрбір мүшесі 1 (бір) дауысқа ие.

47. Кеңестің жалпы жиналысының қорытындылары бойынша хаттама (1-қосымша) жасалады, оған төрағалық етуші мен жиналыстың хатшысы қол қояды (әрбір жиналыстың басында Кеңес мүшелерінің арасынан таңдалады).

48. Жыл сайын 31 мамырдан кешіктірмей барлық мүдделі білім алушылар мен «ШҚТУ» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерін шақырумен Кеңестің қорытынды жалпы жиналысы өтеді, оның шеңберінде Кеңес төрағасы өткен оқу жылындағы Кеңестің қызметі туралы есеп береді.

Егер жиналысқа қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі (осы Ереженің 41 (2) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда).

Дауыс беру құқығын беруге жол берілмейді.

49. Жұмыс нысаны қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты, онлайн режимде жұмыс істеу әдістерін ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

50. Студенттік Кеңес қызметінің бағыттары:

1) ақпараттық бағыт (университетшілік курстар, семинарлар туралы хабардар ету, өзін-өзі басқару қызметін БАҚ-та жариялау, хабарландыру, қабырға газеттері, грамоталар, алғыс хаттар, шақыру билеттері және т. б. дайындау);

2) ғылыми бағыт (олимпиадаларды ұйымдастыру, ғылыми жарияланымдардың және ғылыми жобаларға қатысудың мүмкіндіктері жөніндегі ақпаратты жүйелеу және өзге де ғылыми қызмет);

3) әлеуметтік-тұрмыстық бағыт (білім беру, денсаулық сақтау және қызмет алу салаларында студенттердің құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес, білім алушылардың жеңілдікті (льготный) санаттарына материалдық және ақпараттық көмек көрсетуді ұйымдастыру, демалу

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 11-ші бет

және емдеу бойынша ақпаратты жүйелеу, университет аумағында оқу аудиторияларының жай-күйіне, қоғамдық тамақтануға, жатақханаларда тұру жағдайларына мониторинг жүргізу);

4) спорттық бағыт (студенттерге дене шынықтыру және спортпен айналысу мүмкіндіктері, алдағы чемпионаттар мен универсиадалар туралы ақпарат беру, салауатты өмір салтын насихаттау, ЖИТС-на, нашақорлыққа, маскүнемдікке, темекі шегуге қарсы іс-шаралар өткізуге қатысу және т. б.);

5) мәдени-бұқаралық бағыт (байқаулар, фестивальдар, дискотекалар ұйымдастыру және өткізу, мұражайларға, театрларға, көрмелерге, экскурсияларға баруды ұйымдастыру және т. б.);

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университет Жарғысына қайшы келмейтін кез келген қызмет түрлеріне қатысу.

11. Студенттік Кеңестің құқықтары мен міндеттері

51. Кеңестің құқығы бар:

1) студенттердің мүдделерін қозғайтын университеттің нормативтік актілерін әзірлеуге, қабылдауға және жетілдіруге қатысу;

2) университет ректоратының, Ғылыми Кеңесінің талқылауына университет студенттерінің өмірі мен оқуына қатысты мәселелерді көтеру;

3) ЖОО қызметінің маңызды мәселелерін талқылау мен шешуге қатысуды қамтамасыз ете отырып, университеттің Ғылыми Кеңесінде студенттердің мүдделерін білдіру;

4) студенттерді әлеуметтік қолдау мәселелерін шешуге, сабақтан тыс сабақтар мен іс-шараларды жоспарлауға қатысуға құқылы;

5) даулы мәселелерді қарауға және студенттердің барлық тәртіптік жазалары бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы;

6) бекітілген сметаға сәйкес студенттік өзін-өзі басқару органдарының іс-шараларын ұйымдастыруға университет басшылығы бөлетін қаражатты пайдалануға қатысуға құқылы;

7) университет басшылығымен бірлесіп студенттік асхана, кітапхана, жатақханалардың жұмысын бақылау және олардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;

8) университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын студенттерді ынталандыру жөнінде өтініш білдіру;

9) жұмыс кезеңінде қойылған нақты міндеттерді орындау үшін бағдарламалар мен жобаларды іске асыру жөнінде уақытша жұмыс топтарын құруға құқығы бар.

52. Кеңестің міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің, Университет Жарғысының және осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті;

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 12-ші бет

2) университет студенттерімен оқу тәртібін нығайтуға, азаматтық сана-сезімді арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізу;

3) білім алушылардың оқуы, тұрмысы мен демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға қол жеткізу, университеттің студенттік өмірін ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешуге тікелей қатысу;

4) университетте оқудан тыс іс-шараларды жоспарлауға, дайындауға және өткізуге тікелей қатысу;

5) білім алушылардың қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, білім және ғылым саласындағы жоғары оқу орындары арасындағы және халықаралық байланыстарды нығайту;

6) студенттік өзін-өзі басқару аясында университетте өткізілетін іс-шаралар туралы студенттерді ақпараттандыру;

7) жылына кемінде бір рет атқарылған жұмыс туралы есеп беруге міндетті.

12. Бақылау, қайта ұйымдастыру және тарату

53. Студенттік Кеңестің қызметін бақылау жетекшілік ететін проректор, әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы.

54. Студенттік өзін-өзі басқаруды қайта ұйымдастыру және тарату ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Студенттік өзін-өзі басқаруды қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі ұсыныстарды жетекшілік ететін проректормен бірлесе әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы енгізе алады.

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 13-ші бет

1-ші Қосымша

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ студенттік Кеңесінің
жалпы жиналыс хаттамасының нысаны**

**«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан
техникалық университеті» комерциялық емес акционерлік қоғамы
№ ____ ХАТТАМАСЫ
__ . __ . 202_ ж.
Өскемен қаласы**

**«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік Кеңесінің жалпы
жиналысы**

(өткізу нысаны - _____ (күндізгі, қашықтан, аралас))

Төраға: _____ (Аты-жөні)

Хатшы: _____ (Аты-жөні)

Жиналысқа қатысқандар _____ адам (тізім қоса беріледі)

Студенттік Кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) құрамында барлығы _____ адам. Кворум бар. Жалпы жиналыс заңды.

Кеңестің жалпы жиналысына шақырылды және қатысты:

(Аты-жөні, мәртебесі / лауазымы / тобы)
(Фамилия И.О., статус/должность/группа)

Дәлелді себептер бойынша Кеңестің __ мүшесі (лері) болған жоқ.

Қарауға ұсынылған мәселелер бойынша дәлелді себеппен болмаған Кеңес мүшесі (лерінен) _____ келіп түскен жазбаша ұсыныстар.

КҮН ТӘРТІБІ

1. _____ туралы

2. _____ туралы

.....

1 ТЫҢДАЛДЫ:

_____ (Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы) (сөз сөйлеу мәтіні Қосымшада)

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 14-ші бет

1 СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

(Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы)

(Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы)

1 ДАУЫС БЕРГЕНДЕР:

«ҚОЛДАУ»	«ҚАРСЫ»	«ДАУЫС БЕРМЕГЕНДЕР»

1 ҚАУЛЫ:

1. _____
2. _____

2 ТЫҢДАЛДЫ:

(Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы)

2 СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

(Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы)

(Аты-жөні толық – мәртебесі лауазымы/тобы)

2 ДАУЫС БЕРГЕНДЕР:

«ҚОЛДАУ»	«ҚАРСЫ»	«ДАУЫС БЕРМЕГЕНДЕР»

2 ҚАУЛЫ:

3. _____
4. _____

Төраға

(қолы)

(Аты-жөні)

Хатшы

(қолы)

(Аты-жөні)

«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Редакция: бірінші
II КеАҚ «ШҚТУ» 119-І-2022 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Студенттік кеңес туралы ережесі	16-ден 15-ші бет

№ ___ 20 __ ж. __. __. ____
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
Студенттер Кеңесінің
жалпы жиналысының хаттамасына
Қосымша

ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні – толық	Студенттік кеңестегі мәртебесі	Қолы
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			
11.			
12.			
13.			
14.			
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			
20.			
21.			
22.			
23.			
24.			
25.			
...			

